



БҰЙРЫҚ

15-1-03-09/29

Нұр-Сұлтан қ.

ПРИКАЗ

27 сәуір 2020 ж.

г. Нұр-Сұлтан

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл және Қазақстан Республикасының
2015-2025 жылдарға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
стратегиясын іске асыру жөніндегі
2020-2023 жылдарға арналған
іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 наурыздағы Заңының 23-бабына және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Жарғысының 12-бабы 51-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары Жоспарда көрсетілген тармақтардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президент

А. Кәрібозова

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Орындаушы	Аяқтау нысаны
1	Қоғамның аппараттық кеңестерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қарау	жарты жылдық бойынша	ӘД (Құсайынова А.Ж.)	Қоғам президентіне ақпарат
2	Қоғамның ресми сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпаратты жариялау	тұрақты	АТЖБ (Камарина С.) ЗҚД (Ксембай Т.) Баспасөз хатшысы (Сәрсенов Ж.)	Қоғам президентіне ақпарат
3	Сыбайлас жемқорлықты ескерту мәселелері, оның ішінде Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ұсыныстар енгізу және мониторинг жүргізу	жарты жылдық бойынша	барлық құрылымдық бөлімшелер	Қоғам президентіне ақпарат
4	Қабылданатын құқықтық актілерге мониторингті күшейту	жарты жылдық бойынша	ЗҚД (Бекмамбетова Л.)	Қоғам президентіне ақпарат
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы түсіндіру» семинарын өткізу	жарты жылдық бойынша	ПБҚ ЗҚД (Ксембай Т.)	Қоғам президентіне ақпарат
6	Түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері	жыл сайын	ӘД (Құсайынова А.Ж.) ЗҚД (Ксембай Т.)	Қоғам президентіне ақпарат

	жөніндегі агенттігінің Нұр-Сұлтан қ. бойынша департаменті мамандарының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті мамандарының қатысуымен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асырудың басым бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу			
7	Халыққа қолжетімді орында ұсыныстарға арналған шағымдар кітабымен (журнал) қамтамасыз ету	қыркүйек 2020	ӘД (Құсайынова А.Ж.)	ұсыныстарға арналған шағымдар кітабын (журналын) орналастыру
8	Қоғам департаменттерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға арналған ішкі талдау жүргізу	жыл сайын	барлық құрылымдық бөлімшелер	Қоғам президентіне ақпарат
9	Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін мемлекеттік сатып алулар рәсіміне талдау жүргізу	жарты жылдық бойынша	ӘД (Құсайынова А.Ж.)	Қоғам президентіне ақпарат
10	Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс туралы БАҚ-та жариялау	жыл сайын	ЗҚД (Ксембай Т.) Баспасөз хатшысы (Сәрсенов Ж.)	тиісті материалдарды жариялау

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

ӘД – Әкімшілік департаменті

ЗҚД – Заң қызметі департаменті

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
АТЖБ – Ақпараттық талдау жұмыс басқармасы